

БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

Macromedia Flash

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/69316/>

Macromedia Flash бағдарлама

Алғы сөз

Адамзат өркениетінің даму қарқынының негізгі сипатының бірі қазіргі уақытта индустриалдықтан ақпараттық қоғамға болып отыр. Жаппай компьютерлендіру жаңа ақпараттық технологияларды оқыту саласында бизнесте, өндірісте, ғылыми зерттеуде және әлеуметтік өмірде кеңінен қолданудың, дамудың жаңа деңгейін жасайды. 70 жылдардың басында компьютерлік бөлшектер шығару саласында үлкен техникалық жаңалық ашылды, үлкен интегралдық үлгілер пайда болды. 80 жылдардың ортасында жергілікті және ауқымды желілер дами бастады.

Бүгінгі таңда технологияның қарқынды дамуына байланысты компьютерлердің графикалық мүмкіндіктері күннен-күнге үлкеюде. Қазіргі компьютерлердің мүмкіндігіне байланысты бағдарламалар аз жасалып жатқан жоқ. Соның ішінде, анимация жасауда көп қолданылатын Macromedia Flash бағдарламасы. Бұл бағдарламаны көбінесе Web-сайттарды құруда көп қолданады. Соңғы кезде электронды оқыту өнімдері нарығында, Macromedia Flash технологиясы негізінде жасалған және тәжірибесі жоқ компьютер қолданушысына бағдарламалық өнімдер жасау мүмкіндігін беретін оқу құралдары мен мультимедиялық оқулықтар саны көбейіп барады. Қазір Macromedia Flash -технологиясы ең жаңа және кең қолданылып жатқан технология болып табылады. Macromedia Flash технологиясы анимация жасаушылар үшін өте қолайлы бағдарлама, өйткені ол төмендегі сапаларға ие:

- жинақтылық (компьютерде тез жүктеледі) – векторлық графиканы пайдалану есебінде;
- интерактивтілік – пайдаланушы Flash -фильмдегі іс әрекеттерді

тікелей басқара алады;

— қолайлылық – Macromedia Flash технологиясының негізі, компьютермен жұмыс істеу дағдысы бар кез-келген адамға түсінікті.

4

Сондай-ақ компьютер жадында өте аз орын алуы мен тез жүктелетіндігі Macromedia Flash пайдаланушылары үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Flash технологиясының негізгі векторлық графикалық форматынан Shockwave Flash (SWF) құрылды. SWF қосымшасының артықшылығы оның жеңіл тасымалдауында, яғни бұл формат әртүрлі аппараттық – бағдарламалық платформада қолданылады. Тағы бір SWF – тың ерекшелігі, құрылған негізгі бейнелер тек анимацияланып ғана қоймай, сонымен қатар олар қосымша интербелсенді элементтер мен аудио құрылғылардың болуына мүмкіндік туғызады. SWF форматының танымал болуының себебі, Macromedia фирмасы бұл форматтың жеңіл және оңай құрал – саймандармен қолданылуы.

Мультимедиялық презентациялар құру үшін – Macromedia Director Shockwave Studio, ал графикалық бейнелерді салу үшін — Macromedia Freehand, Macromedia Fireworks, интербелсенді оқытушы курстарын құру үшін – Macromedia Authorwave, Macromedia Course Builder. Сондықтан да Web -публикациясының ішінде ең танымал, әрі жеңіл қолдануына ыңғайлы болып келетін — Macromedia Flash болып табылады. Macromedia Flash Web – парақтарын толық құруға және әрбір сайттың анимациясымен безендірілуіне мүмкіндік береді. SWF форматының көмегімен, оны әдетте Flash деп атап кетті.

Flash технологиясының құрамына мыналар кіреді:

- векторлық графика;
- анимацияларды қолдау;
- интерфейстің интербелсенді элементтерін құру мүмкіндігі;
- әртүрлі графикалық форматтарды қолдау;
- Flash фильмдерді HTML форматына қосу;
- Flash фильмдерін Web — браузерде көру мүмкіндігі;
- әртүрлі визуальді саймандардың болуы.

Flash MX -те жұмыс жасау мүмкіндігі Macromedia фирмасы SWF форматын қолайлы құралдармен, қарапайымдылықпен жабдықтағандықтан, аталмыш формат өзінің табын ушыларын а бай. Негізінде, бұлай жабдықталған құралдар

жетерлік.

Олардың қайсыбірі мультимедиялық презентация жасауға бағытталса (Macromedia Director Shockwave Studio), келесі бірі графикалық бейнелерді дайындауға бағыталған (Macromedia FreeHand и Macromedia Fireworks), ал үшіншілерімен интерактивті оқу курсы дайындауға болады. (Macromedia Authorware және Macromedia CourseBuilder). Дегенмен топ беттерін құрушылардың арасында Macromedia Flash көп қолданылады, өйткені тек осы өнім ғана, топ бетін аяғына дейін әрлей алады. Ал жақсы әрленген бет әрине көпшіліктің көңілінен шығады. Интернет пайдаланушылардың жақсы көретіндігінен болар, бұл өнімді жай ғана Flash деп атайды. Сонымен Flash технологиясының құрамына не кіреді соны көрейік:

- Векторлық графика;
- Анимацияның бірнеше түрін қолдайды;
- Интерфейске интерактивті элементтер жасауға болады;
- FLASH фильмдерін HTML форматына ғана емес, интернетте қолданылатын кез келген форматқа көшіруге болады;
- Платформалық тәуелсіздік;
- FLASH фильмдері автономдық түрде де, тобра узерінде де көруге болады;

Macromedia Flash MX 2004 және Macromedia Flash Professional көптеген қызықты интерактивті мультимедиялық презентацияларды дайындауға мүмкіндігі көп. Flash те векторлық графикамен және анимациялар мен жұмыс істеуге болады. Әдетте бұл бағдарламамен басқарушы, растрлық графика, бейнематериалдарды монтаждауға және дыбыстық файлдармен жұмыс істеуге болады. =

Flash – те анимация, эффекті, векторлық графика, интерактивті мысалдар, бағдарламалар, Web – сайттағы презентацияларды жасауға болады. Flash – те істеген жұмыстарды FLA форматта сақтайды. FLA форматында керекті ресурстарды, бейнематериалдар дыбыстар мен кодтар сақтайды. Қазіргі таңда Macromedia Flash MX интернетті қолданатын барлық адамдарға танымал.

Қазіргі кезде топ беттерін әрлеуге көбінесе растрлық графика қолданылады. Оларға GIF (Graphics Interchange Format, ақпарат алмасуға арналған графикалық формат), JPEG (Join Photographic Experts Group – Біріккен бейне эксперттерінің тобы) және PNG (Portable Network Graphics – Жылжымалы графикалық формат) жатады.

Растрлық графика нүктелер жиынтығы (пиксель – pixel) арқылы сипатталады. Бұл нүктелер бір бірімен байланыста

болмағандықтан, олардың әрқайсысының түсі мен координатын анықтау керек. Жай ғана мысал, екі -ақ т үсті (ақ қара) бейнені сипаттаған кезде, әр пиксельдің түсін беру үшін екілік санау жүйесін пайдаланады: 0 – қара, 1 – ақ.. Ал, 256 түсті бейнені сипаттаған кезде енді әр пиксельге 8 -дік санау жүйесін қолданады ($256=2^8$). Суреттің сапасы жақсы болу үшін, әр пиксель үшін 24 разрядқа дейін қолданылады.

Растрлық бейнелердің тағы бір кемшілігі — бейне сапасы, пайдаланып отырған монитор пиксельдерінің өлшеміне де байланысты. Яғни кей мониторларда суреттің сапасы әдемі болып тұрса, екінші жерде ол ондай қасиеттен айырылады. Сапасы нашар суреттердің пикселін көбейтуге арналған бағдарламалар болғанымен олар да бұл жағдайды толық шеше алмайды.

Векторлық графика – орналасуын математикалық формулалар арқылы сипаттайтын қисықтар жиынтығынан тұратын бейне. Мысалға, кез келген шеңберді бейнелеу үшін 3 -4 сан ғана керек, радиус, центр координаттары, сызық қалыңдығы. Осыған байланысты, векторлық графика растрлық графикаға қарағанда бірнеше артықшылықтарға ие:

- Математикалық формулалармен сипатталған суреттер, растрлық графика ға қарағанда жадыда аз орын алады.
- Бейнені өзіміз қалаған кез келген масштабқа сапасын жоғалтпай, өзгертуге болады.
- Кез келген платформаға еш «қатесіз» көшіруге болды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.